

Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 29 қаңтардағы N 124

Аймақтың өзіндік ерекшелігін, оның энергетикалық оқшаулығын, суды қолдан тұщытып, пайдалануын, Маңғыстау энергия комбинатының ядролық қауіпсіздігін сақтау қажеттілігін ескере отырып және облыстың экономикалық жағдайын тұрақтандыру, республика экономикасы үшін маңызды өндірістерді ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Маңғыстау облысының әкімімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде 1998 жылы Ақтау облысының Ақтау қаласының аумағында арнайы экономикалық аймақ құру туралы ұсынысты қарап, аймақ шекарасын көрсете отырып, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

2. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.24. N 1170

қаулысымен. P971170_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.10.20. N 1066

қаулысымен. P981066_

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Ақтау қаласындағы энергия комбинатында дистиллят пен ауыз суды өндіруді қалпына келтіру" жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметі Төралқасының 1996 жылғы 28 тамыздағы N 22 шешімімен бекітілген бюджет қаражаты, халықаралық қаржы ұйымдары мен донор елдерден қарыз алу есебінен қаржыландыруға ұсынылып отырған экономиканың мемлекеттік секторының кәсіпорындары мен ұйымдары бойынша басым инвестициялық бағдарламалар мен жобалардың тізбесіне енгізу туралы ұсыныс енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Сырттан қарыз алу жөніндегі комитет "Ақтау қаласындағы энергия комбинатында дистиллят пен ауыз су өндіруді қалпына келтіру" жобасын іске асыру үшін кепіл бөлу мүмкіндігі туралы ұсыныс енгізсін.

5. Маңғыстау облысының әкімі:

екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне "Ақтау қаласындағы энергия комбинатында дистиллят пен ауыз су өндіруді қалпына келтіру" жобасын басым инвестициялық бағдарламалар тізбесіне енгізу үшін

материалдар ұсынсын;

кәсіпорындардың энергия ресурстары үшін "Маңғышлақ атом энергетика комбинаты" мемлекеттік кәсіпорны алдындағы, ал соңғысының "Ақтаутрансгаз" акционерлік қоғамының алдындағы берешегін өтеуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі